

12 сауір 2023 ж. № 02
«Mogo Kazakhstan» (Мого Казахстан) МҚҰ» ЖШС
қатысушыларының кезектен тыс жалпы жиналысының хаттамасымен
бекітілген

Утверждено
Протоколом внеочередного общего собрания участников
ТОО «МФО «Mogo Kazakhstan (Мого Казахстан)»
№ 02 от 12 апреля 2023 года

Микрокредиттерді беру қағидалары

«Mogo Kazakhstan (Мого Казахстан)»
«Микроқаржы ұйымы» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Правила предоставления микрокредитов

Товарищество с ограниченной ответственностью
«Микрофинансовая организация «Mogo Kazakhstan (Мого Казахстан)»

Алматы, 2023

1 ТАРАУ. НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Микронесиелерді берудің осы Ережелері (одан әрі – Ережелер) Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (одан әрі – ҚР АҚ), Қазақстан Республикасының «Микроқаржы қызметі туралы» Заңына, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне, сондай – ақ «Mogo Kazakhstan (Mogo Казахстан) МҚҰ» ЖШС (бұдан әрі-МҚҰ) ішкі құжаттарына сәйкес құрастырылған және жеке және заңды тұлғаларға микронесиелер беру, сонымен бірге оларға қызмет көрсету тәртібі мен шарттарын айқындайды, МҚҰ құрылған күннен бастап кезеңге қолданылады және микрокредит беру туралы шарттың ажырамас бөлігі болып табылады.
2. Осы Ережелер МҚҰ-ның микронесиелер беру бойынша операцияларды жүргізуді регламенттеу мақсатында әзірленген.
3. Осы Ережелер келесі ақпараттардан тұрады:
 1. қарыз алушыларға қойылатын жалпы талаптар;
 2. микронесие беру шарттары;
 3. микронесие беруге Өтініш-сауалнама беру тәртібі және оны қарау тәртібі;
 4. микронесиені бермеу себептерінің негіздемелері;
 5. микронесие беру туралы Шарт жасасу тәртібі;
 6. берілетін микрокредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемелерінің шекті шамалары;
 7. ұсынылатын микронесиелер бойынша жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесін есептеу ережелері;
 8. несиелік құжаттаманы құрастыру;
 9. микронесиені беру;
 10. мониторинг;
 11. микронесие берудің қолданыстағы шарттарына өзгерістер енгізу тәртібі;
 12. мерзімі өткен берешекпен жасалатын жұмыс;
 13. микронесиелерді өтеу әдістері;
 14. микронесиелер бойынша төлемдер жасау тәртібі;
 15. берілген микронесиелер бойынша сыйақыны төлеу тәртібі;
 16. микронесие беру туралы Шартты мерзімінен бұрын бұзу тәртібі;
 17. микронесие беру туралы Шартты жабу тәртібі;
 18. микронесиелеуге қатысушылардың құқықтары мен міндеттері;
 19. дербес деректер;
 20. микронесие беру құпиясы.
4. Осы Ережелер ашық ақпарат болып табылады және коммерциялық құпияға жатпайды. Бекітілген Ережелердің көшірмесі www.jetcar.kz және www.jetfarm.kz ресми сайтында орналастырылады.
5. Осы Ережелерде келесі анықтамалар қолданылады:
 1. сыйақы - негізгі қарызға қатысты проценттік көріністе болатын берілген микронесие үшін төлем болып табылады және ол микронесиені беру туралы Шартқа, сонымен бірге МҚҰ орнатқан өтеу тәртібіне сәйкес болады;
 2. жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі – жеке тұлғамен қырық бес күнтізбелік күннен астам мерзімге жасалған микронесие беру туралы шарт бойынша нақты, жылдық, тиімді, салыстырмалы есептеумен есептелетін, қарыз алушының микронесие төлеу жөніндегі шығыстарын ескере отырып есептелетін сыйақы мөлшерлемесі. Жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі 56%-дан аспауы керек;
 3. Микронесиені ұсыну туралы Шарт (одан әрі – Шарт) - бұл Шарт бойынша МҚҰ ақшаны Қарыз алушыға меншікке береді, ал Қарыз алушы МҚҰ-ға негізгі қарыз сомасын уақытымен қайтаруға міндеттенеді және төлемдік, жеделдік және қайтарымдық шарттарымен сыйақы төлеуге міндеттенеді;
 4. Заң – Қазақстан Республикасының «Микроқаржылық ұйымдар туралы» Заңы;
 5. Қарыз алушы – МҚҰ-мен микронесие беру туралы Шарт жасасқан жеке немесе заңды тұлға;
 6. Өтініш беруші – МҚҰ-ға микрокредит беруге өтініш берген жеке немесе заңды тұлға;
 7. Сайт – www.jetcar.kz және www.jetfarm.kz мекен-жайы бойынша орналасқан МҚҰ интернет-беті.
 8. несиелік тарихы – несиелік тарих субъектісі туралы ақпарат жинағы;
 9. несиелік бюро – несиелік тарихты құратын, несиелік тарихын ұсынатын және басқа да қызметтерді көрсететін ұйым;
 10. несиелік құжаттама – әр Қарыз алушыға МҚҰ жасайтын құжаттар мен деректер;

11. несиелік скоринг – сандық статистикалық әдістерге негізделген Өтініш берушінің/Қарыз алушының несиелік төлеу қабілеттілігін (несиелік тәуекел) бағалау жүйесі;
12. несиелік төлеу қабілеттілігі - Қарыз алушының кешенді құқықтық және қаржылық сипаттамасы болып табылады, ол сандық және сапалық көрсеткіштермен ұсынылған, сонымен бірге Шартта қарастырылған несиелік берушінің алдында өзінің берешегі бойынша болашақта толық, уақытымен есептесу жағдайын бағалау, сондай-ақ Қарыз алушыны несиелік төлеу кезінде болатын тәуекел деңгейін анықтау мүмкіндігін береді;
13. аннуитеттік төлем әдістері – бұл микронесиелік төлеу әдісінде микронесиелік барлық мерзімі бойында берешекті өтеуді тең төлемдерді жасау арқылы жүзеге асырылып және ол негізгі берешек бойынша төлемдер мәннің артуын, сонымен бірге негізгі берешек қалдығы кезеңінде есептелінген сыйақы төлемінің мәнін азайтуды қосады;
14. дифференциалды төлем әдістері – бұл микронесиелік төлеу әдісінде берешекті өтеу төлемдердің азаюымен жүзеге асырылатын және негізгі берешек бойынша бірдей төлем сомалары мен негізгі берешек қалдығы кезеңіне есептелген сыйақысын ескере отырып жасалады;
15. Микронесиелік – МҚҰ-ның Қарыз алушыға Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында, Шартпен, Қазақстан Республикасының заңнамасында және МҚҰ ішкі нормативті құжаттарында анықталған тәртібі мен көлемінде, төлемдік, жеделдік және қайтарымдық шарттарында беретін ақша болып табылады;
16. Микронесиелік беру – МҚҰ-ның Қарыз алушыға Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында, Офертамен, Шартпен, Қазақстан Республикасының заңнамасында және МҚҰ ішкі нормативті құжаттарында анықталған тәртібі мен көлемінде, төлемдік, жеделдік және қайтарымдық шарттарында беретін ақша болып табылады;
17. автокөлік құралының құны – қарыз алушы микронесиелік қамтамасыз ету ретінде беретін автокөліктің бағалау құны.
18. мониторинг – бөлек микронесиелік/ микронесиелік портфелінің жағдайын кезеңдік бақылау, қабылданған тәуекелдерге талдау мен болжам жасау;
19. МҚҰ – коммерциялық ұйым болып табылатын және ресми мәртебесі әділет органдарында мемлекеттік тіркеумен анықталатын, микронесиелік беру лицензия негізінде қызметті жүзеге асыратын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасымен рұқсат етілген қызметтің қосымша түрлерін жүзеге асыратын «Мого Kazakhstan (Мого Казахстан) «Микроқаржы ұйымы» ЖШС заңды тұлғасы»;
20. «МК Азаматтарға арналған үкімет» КЕАҚ – бұл «Мемлекеттік корпорация «Азаматтарға арналған үкімет» коммерциялық емес акционерлік қоғамы»;
21. Өтініш берушінің міндеттері – несиелік беруді жүзеге асыратын МҚҰ және басқа да ұйымдар (олар бар болғанда) алдында болатын Өтініш берушінің ай сайынғы шығыстары және болжалды микронесиелік бойынша болатын шығыстар (микронесиелік бойынша төлем);
22. өтініш – осы Ережелерде қарастырылған шарттарға сәйкес Шарт жасасу туралы МҚҰ белгілеген түрде дайындалған Өтініш берушінің ұсынысы немесе микронесиелік мерзімін ұзарту жайындағы ұсыныс;
23. негізгі берешек – Шартқа сәйкес Қарыз алушыға ұсынылатын микронесиелік сомасы;
24. төлем жасау қабілеттілігі – Өтініш берушінің өзінің міндеттерін МҚҰ алдында мерзімінде және толық түрде орындау мүмкіндігін беретін экономикалық жағдайы;
25. ресми табыс – бір және (немесе) бірнеше келесі құжаттардың негізінде есептелген орташа айлық табыс:
 - бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан немесе «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясынан міндетті зейнетақы жарналары, салымшының (алушының) міндетті кәсіби зейнетақы жарналары бойынша ақпарат немесе орталық атқару органдарының деректер қорларынан немесе оларға меншікті немесе ведомстволық қарасты заңды тұлғалардан жеке тұлғалардың табыстары туралы ақпарат бөлігіндегі ақпарат;
 - оған зейнетақы төлемдері келіп түсетін банктік шоттан көшірмелер;
 - оған жалақы және жұмыс берушіден басқа табыстар келіп түсетін банктік шоттан көшірмелер;
 - оған зейнетақылық аннуитет шарты бойынша, Қазақстан Республикасының 2005 жылдың 7 ақпаны күнгі «Ол еңбек (қызметтік) міндеттемелерін орындаған уақытта жұмысшыны бақытсыз оқиғалардан міндетті сақтандыру туралы» Заңы талаптарымен сәйкес жасалған аннуитеттік сақтандыру шарты бойынша сақтандыру төлемдері түсетін банктік шоттан көшірмелер;

- келесі салықтық аударымдар негізінде есептелген жеке тұлға – жеке кәсіпкердің табыстары туралы ақпарат:
 - патент негізіндегі арнайы салықтық режим қолданылған уақытта салық салынатын табыстан 5 (бес) пайыз;
 - ықшамдалған декларация негізіндегі арнайы салықтық режим қолданылған уақытта салық салынатын табыстан 15 (он бес) пайыз;
 - тіркелген есепке алу пайдаланылатын арнайы салықтық режимнің салық салынатын табысынан 20 (жиырма) пайыз.
- 26. толық мерзімінен бұрын өтеу – Қарыз алушының МҚҰ алдындағы берешегін толық көлемде өтеуі, оның ішінде негізгі борышты, микронесиені пайдалану кезеңі үшін есептелген сыйақыны, өсімпұлдар мен айыппұлдарды өтеу;
- 27. мерзімі өтіп кеткен микронесие – мерзімі өтіп кеткен есепке шығып кеткен қарызы бар микронесие;
- 28. МҚҰ уәкілетті тұлғасы – оған табыстаған өкілеттік аясында және МҚҰ бекітілген өкімдік және ішкі нормативтік құжаттарына сай болатын микронесиелеу бойынша шешімдерді қабылдайтын МҚҰ қызметкері;
- 29. МҚҰ уәкілетті органы – оған табыстаған өкілеттік аясында және МҚҰ бекітілген өкімдік және/немесе ішкі нормативтік құжаттарына сай болатын микронесиелеу бойынша шешімдерді қабылдайтын МҚҰ-ның алқалы органы;
- 30. аудару туралы Өтініш - қолда бар автокөлікті кепілге салумен мақсатсыз микрокредит берілген жағдайда, Қарыз алушыдан несие берілетін соманы сатушының Шотына немесе Картасына аударуға арналған өтініш;
- 31. Шот – оған Қарыз алушыға Шартпен және осы Ережелермен сәйкес Микронесие сомасы аударылатын банктік шот (банк реквизиттері бар банктік шот нөмірі);
- 32. Карта – оған Қарыз берушіге Шартпен және осы Ережелермен сәйкес Микронесие сомасы аударылатын жеке банктік шот (банктік карта нөмірі);
- 33. АЕК – бір қарыз алушыға республикалық бюджет туралы заңмен сәйкес қаржылық жылға анықталған айлық есептік көрсеткіш.
- 34. МЖ – оның мөлшері жыл сайын Қазақстан Республикасының сәйкес қаржылық жылға республикалық бюджет туралы заңмен анықталатын минималды жалақы.
- 35. Күнкөріс минимумы – сәйкес қаржылық жылға Республикалық бюджет туралы Заңмен инфляцияны есепке ала отырып жыл сайын анықталады.
- 36. Көлік құралы - микрокредит беру туралы шартта көрсетілген бір немесе бірнеше көлік құралдары және олардың ажырамас жақсартулары.

- 37. Акцепт – Микрокредиттің сомасын аударумен көрсетілген, Өтініш беруші Офертасының талаптарымен МҚҰ-ның келісімі;
- 38. Түпнұсқаландыру – электрондық құжаттың қауіпсіздік рәсімі талаптарына сәйкес түпнұсқаландырудың және жасалу дұрыстығын растау;
- 39. Екіфакторлы аутентификация - парольдерді немесе аутентификациялық белгілерді (токендерді, смарт-карталарды, бір реттік парольдерді) жасау мен енгізуді қоса алғанда, екі түрлі параметрді қолдана отырып, сондай-ақ бағдарламалық қамтылымды пайдалана отырып жүзеге асырылатын аутентификация;
- 40. Сәйкестендіргіш - клиенттің жеке кабинетіне кіру үшін берілетін бірегей цифрлық, әріптік немесе өзге символдардан тұратын код;
- 41. Сәйкестендіру деректерімен алмасу орталығы (СДАО) - клиенттерді сәйкестендіру рәсімдерін жүргізу үшін қолжетімді көздерден клиенттердің деректерімен алмасу бойынша қаржы ұйымдарымен өзара іс-қимылды қамтамасыз ететін банкаралық ақша аудару жүйесінің операциялық орталығы;
- 42. Динамикалық сәйкестендіру – клиентпен смс-хабарлама, e-mail хабарлама арқылы алынған бір реттік (бір жолғы) кодты алу жолымен электрондық тәсілмен микрокредиттерді алуға оның құқықтарын бір мағыналы алу мақсатында клиенттің жеке басын анықтау рәсімі;
- 43. БЖК – МҚҰ және кредиттеуді жүзеге асыратын басқа ұйымдар алдында қазіргі міндеттемелер бойынша есептелген борыштық жүктеменің коэффициенті;
- 44. Жеке Кабинет – Шарт шеңберінде Қарыз алушының және Қарыз берушінің қашықтықтағы өзара әрекеттесуі үшін арналған, және логин мен құпиясөзді пайдаланумен авторластырудан кейін Қарыз алушыға қолжетімді өзге қажетті ақпаратты қамтитын, Сайттағы бағдарламалық интерфейс;
- 45. Қауіпсіздік рәсімі – клиенттің электрондық тәсілмен микрокредиттерді алуға құқықтарын белгілеу және берілетін және алынатын электрондық құжаттардың

мазмұнында қателіктерді және (немесе) өзгерістерді анықтау мақсатында электрондық құжаттарды жасаған, берген және алған кезде клиентті сәйкестендіру үшін арналған ұйымдастырушылық шараларының және ақпаратты қорғаудың бағдарламалық-техникалық құралдардың кешені;

46. Құпиясөз – электрондық тәсілмен микрокредиттерді алу үшін, микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымның жүйесіне кіруге құқықты растау үшін жасалатын цифрлық, әріптік және өзге символдардың жиынтығы;
47. Қашықтықтағы қолжетімділік жүйесі – электрондық тәсілмен микрокредиттерді беру мақсатында, клиент және микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйым арасында байланысты қамтамасыз ететін, телекоммуникациялар құралының, цифрлық және ақпараттық технологиялар, бағдарламалық жасақтама мен жабдықтың жиынтығы;
48. Пайдаланушының бірегей сәйкестендіргіші – микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйыммен микрокредитке қолжетімділік берілетін, микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымның жүйесіне кіру үшін клиентке берілетін, цифрлық, әріптік немесе өзге символдарды қамтитын код;
49. Электрондық шарт – бұл Қазақстан Республикасының «Микроқаржылық қызмет туралы» Заңына және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес жасалған екі немесе одан да көп тараптардың азаматтық құқықтары мен міндеттерін белгілеу, өзгерту немесе тоқтату туралы келісім.

2 ТАРАУ. «MOGO KAZAKHSTAN (МОГО КАЗАХСТАН)» МИКРОҚАРЖЫ ҰЙЫМЫ» ЖШС-НІҢ МИКРОНЕСИЛЕУГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ЖАЛПЫ ТАЛАПТАРЫ

§1 Қарыз алушыларға қойылатын жалпы талаптар

6. МҚҰ Қарыз алушылары мыналар болуы мүмкін:
 - Қазақстан Республикасының резиденттері – жеке тұлғалар:
 - Өтініш-анкетаны рәсімдеу сәтінде 18 жастан кіші емес және 65 жастан үлкен емес;
 - тұрақты табыс көзі бар;
 - Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әрекет ету қабілеті шектелмегендер;
 - Қазақстан Республикасының резиденттері – заңды тұлғалар.

§2. Микронесиені беру шарттары

7. МҚҰ микронесиелерді мерзіділік, қайтарымдық, ақылылық шарттары негізінде береді.
 - 7.1 Микронесиелер бланктік (қамтамасыздықсыз), сонымен қатар мүлік кепілімен қамтамасыз етілген де беріледі.
8. МҚҰ микронесиелерді Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында береді – теңге.
9. МҚҰ ұсынатын микронесиелер бойынша келесі шарттар анықталады (әрбір қарыз алушы үшін жеке):

А. Автокөлік құралын сатып алуға арналған мақсатты микрокредиттер (www.jetcar.kz)

	Автокөлік құралын қайталама нарықта сатып алу	Серіктестік дилерлік орталықтар арқылы ұсталған автокөлік құралын сатып алу	Серіктестік дилерлік орталықтар арқылы жаңа автокөлік құралын сатып алу
Несиелеудің ең көп сомасы	Автокөлік құралы құнының 80%-на дейін, бірақ 20 млн. теңгеден артық емес	Автокөлік құралы құнының 90% - на дейін, бірақ 20 млн. теңгеден артық емес	Автокөлік құралы құнының 90% - на дейін, бірақ 20 млн. теңгеден артық емес
Несие беру мерзімі, айына	84-ке дейін	84-ке дейін	84-ке дейін
СЖТМ, %	56-ға дейін	56-ға дейін	56-ға дейін
Қарызды қамтамасыз ету	Сатып алынатын автокөлік құралы	Сатып алынатын автокөлік құралы	Сатып алынатын автокөлік құралы
Ішінара мерзімінен бұрын өтеу	рұқсат етілген	рұқсат етілген	рұқсат етілген

Ішінара мерзімінен бұрын өтеу	рұқсат етілген	рұқсат етілген	рұқсат етілген
-------------------------------	----------------	----------------	----------------

Б. Қолда бар автокөлік құралын кепілге қою арқылы қамтамасыз етілетін микронесиелер (www.jetcar.kz)

Несиелеудің ең көп сомасы	Автокөлік құралы құнының 80% - на дейін, бірақ 300 000 теңгеден кем емес және 20 млн. теңгеден артық емес
Несие беру мерзімі, айына	84-ке дейін
СЖТМ, %	56-ға дейін
Қарызды қамтамасыз ету	Қарыз алушының автокөлік құралы
Ішінара мерзімінен бұрын өтеу	рұқсат етілген
Ішінара мерзімінен бұрын өтеу	рұқсат етілген

В. Кепілмен қамтамасыз етілетін, ауыл шаруашылығы өнеркәсібі саласындағы кәсіпкерлік қызметке мақсатты микрокредиттер (www.jetfarm.kz)

Несиелеудің ең көп сомасы	Тауарлар/қызметтердің құнының 100% дейін, бірақ 60 млн. теңгеден аспауы керек
Несие беру мерзімі, айына	60-ға дейін
СЖТМ, %	56-ға дейін
Қарызды қамтамасыз ету	Жылжымалы және жылжымайтын мүлік
Ішінара мерзімінен бұрын өтеу	рұқсат етілген
Ішінара мерзімінен бұрын өтеу	рұқсат етілген

Г. Кепілсіз, ауыл шаруашылығы саласындағы кәсіпкерлік қызметке мақсатты микрокредиттер (www.jetfarm.kz)

Несиелеудің ең көп сомасы	Тауарлар/қызметтердің құнының 100% дейін, бірақ 2 млн. теңгеден аспауы керек
Несие беру мерзімі, айына	12-ға дейін
СЖТМ, %	56-ға дейін
Қарызды қамтамасыз ету	Кепілсіз
Ішінара мерзімінен бұрын өтеу	рұқсат етілген
Ішінара мерзімінен бұрын өтеу	рұқсат етілген

10. МҚҰ белгілейді:

1. Шарт бойынша міндеттемелерді орындамау үшін айыппұлдар мен өсімпұлдар мөлшері.
11. Микронесиені мерзімінен бұрын толық өтеу және ішінара өтеу қарастырылады.
12. МҚҰ Шарттың бүкіл мерзімі ішінде Қарыз алушының өтініші бойынша қамтамасыз ету құны шеңберінде қосымша қаржыландыруды ұсынуға құқылы.

§3. Берілетін микрокредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемелерінің шекті шамалары:

1. Берілген микрокредиттер бойынша шекті пайыздық мөлшерлеме жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесінің 56% -ынан аспайтын мөлшерде белгіленеді.

2. Жеке тұлғамен жасалған «Микроқаржылық қызмет туралы» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 26 қарашадағы Заңының 4-бабының 3-1-тармағында көзделген микрокредиттік келісімдерге сыйақының ең шекті мәнін күніне 1 (бір) пайыздан аз, бірақ микрокредит сомасының 20 (жиырма) пайызынан аспайтын мөлшерде белгіленеді.

3 ТАРАУ. МИКРОНЕСИЕНІ ҰСЫНУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

§1. Микронесиені беру кезеңдері

13. МҚҰ –да микронесиені беру келесі кезекте орындалады:
1. Өтініш берушінің осы Ережелермен танысуы;
 2. Өтініш берушінің МҚҰ сайтында немесе МҚҰ бөлімшелерінде нысан арқылы микронесие беруге Өтінішті ресімдеуі;
 3. Өтініш берушінің Өтінішті қарастыруға қажетті құжаттар тізімін ұсынуы;
 4. Өтініш берушінің төлем жасау қабілеттілігін бағалау, сонымен бірге келесі тәуекелдерді бағалау: несиелік, заңдық, қауіпсіздік;
 5. микронесиені беру туралы ұсынысты беру/ұсыныс бермеу шешімдерін қабылдау;
 6. кепілге берілетін қамтамасыз етуді бағалау
 7. Шарт жасасу (өтеу кестесі бар қосымшасы қоса берілген), сонымен қатар Қазақстан Республикасының заңнамалары және МҚҰ ішкі нормативтік құжаттардың талаптарымен сәйкес қажетті құжаттар;
 8. Микронесиені беру.

§2. Микронесие беру туралы шарт жасасу тәртібі

14. Шарт Қарыз алушының қол қоюы жолымен жасалады немесе электронды түрде МҚҰ интернет-ресурсында.
15. Өтінішті Қарыз алушы МҚҰ анықтаған, МҚҰ сайтында орналастырылған формада құрастырылады.
16. Шарттың сомасы мен қолданылу мерзімін Өтініш беруші өтініште өз бетімен көрсетеді.
17. Сайтта өтінішті толтыра отырып, Өтініш беруші МҚҰ-ға оның кірісінің тұрақтылығын тексеру мақсатында несиелік бюродан оның несиелік тарихы және кірістер тарихы туралы ақпаратты сұрау құқығын береді.
18. Өтініш беруші Микронесиені алу мақсатында келесі әрекеттерді жүзеге асыруы тиіс:
 1. Сайтта немесе МҚҰ бөлімшесінде орналастырылған өтінішті толтыру;
 2. МҚҰ сұрауы бойынша МҚҰ ішкі нормативтік құжаттарының талаптарына сәйкес қосымша құжаттарды ұсыну;
 3. МҚҰ сұрауы бойынша келесі ақпаратты ұсыну: тегін, атын, әкесінің атын; жынысын; туған жері мен күнін; ЖСН; тұратын мекен жайын және ол қандай негізде (жалдау немесе тұрғылықты үйдің Өтініш берушінің өз меншігінде болуы); отбасылық жағдай, балаларының саны, білімінің дәрежесі; жұмыста болу жайындағы ақпарат; ай сайынғы табыс көлемі; жалақыны берудің келесі уақыты; тұратын аймағы; факті бойынша тұратын жері; тіркелу мекен-жайы; қазіргі тұратын мекен жайындағы сонда тұру уақыты; телефон номері; үйдегі телефон номері (бар болған кезде)/ байланыс жасайтын тұлғасының үйдегі телефон номері; жұмыстағы телефон номері (бар болған кезде); электрондық поштасы.
 4. МҚҰ-ның уәкілетті өкіліне автокөлікті бағалауға ұсыну
 5. Микрокредит сомасын аудару үшін Картаның немесе Шоттың деректемелерін ұсыну. Сондай-ақ Қарыз алушының микронесиені қолма-қол алуға құқығы бар.
19. Егер Өтініш беруші осы Қағидаларда көрсетілген шарттарда Микрокредит алуға келісімін берсе, ол Шартқа қол қоюға келісімін Өтінішке қол қою арқылы растауы тиіс.
20. Несиелік Скоринг көмегімен алынған деректердің негізінде Өтініш берушінің төлем жасау қабілеттілігі бағаланып, мүмкін болатын микронесие сомасы есептеледі. Кейбір жағдайларда Несиелік Скорингтен кейін шешім қабылдау үшін уәкілетті орган да қосылады.
21. МҚҰ Микронесие сомасы Қарыз алушыға аударылған сәтке дейін осы Ережелермен қарастырылған қызметтерді ұсынуға және міндеттемелерді жүктеуге міндетті емес.
22. МҚҰ Өтініш берушіге Микронесиені беру немесе Микронесиені ұсынудан бас тарту туралы қабылдаған шешім туралы кез-келген қолжетімді тәсілмен, оның ішінде Өтініш беруші Өтініште көрсеткен электронды пошта және / немесе sms -хабарлама арқылы хабарлайды.

23. Ұзақ мерзімді микронесиелерді ұсыну туралы Шарттарға микронесиені өтеу кестесі қосылады, ол Шартта көрсетілген микронесиені өтеу әдісі, негізгі борышты өтеу және сыйақыны төлеудің анықталған кезеңділігі негізінде құрастырылады.
24. Шартқа қатысты барлық толықтырулар мен өзгерістер шарт жасасу тәртібіне ұқсас жасалатын оған тиісті қосымша келісімдермен ресімделеді.
25. Берілген микронесие бойынша ақпарат несиелік бюроға беріледі, оның ішінде мемлекет те қатысатын, Қазақстан Республикасының несиелік бюро мен несиелік тарихтарды құрастыру туралы заңнамамен анықталған шарттар негізінде.

Микрокредит электронды түрде берілген жағдайда:

- 1) Шарт Өтініш берушінің Өтінішін/Офертасын МҚҰ Акцепті қабылдауы арқылы жасалады;
- 2) Өтініш/Оферта Өтініш берушімен МҚҰ-ның Сайтында орналастырылған, МҚҰ-мен белгіленген нысанда жасалады;
- 3) Сайтта тіркелу; Жеке кабинетте тіркелу үшін клиент - жеке тұлға келесі деректерді енгізеді:
 - жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген тегі, аты, әкесінің аты (бар болса);
 - жеке сәйкестендіру нөмірі;
 - жеке басты куәландыратын құжаттың нөмірі және қолданылу мерзімі;
 - ұялы байланыс телефонының нөмірі;
 - банктік шоттың деректемелері (IBAN) және/немесе клиенттің төлем карточкасының деректемелері (терминалдар арқылы микрокредиттер беруді қоспағанда);
 - клиенттің бейтарап бет әлпеті және ауызы жабық күйінде түскен ақ түстегі анфастағы фотосуреті;

Клиентті Жеке кабинетте тіркеу жеке кабинетте Клиентті сәйкестендіру және аутентификациялау тәсілдерінің бірімен жүзеге асырылады:

- 1) Қазақстан Республикасының Ұлттық куәландырушы орталығы ұсынған электрондық цифрлық қолтаңба;
- 2) СДАО қызметтерін пайдалану арқылы биометриялық сәйкестендіру;
- 3) екіфакторлы аутентификация.

Екіфакторлы аутентификация келесі екі параметрді қолдану арқылы жүзеге асырылады:

- 1) парольдерді генерациялау және енгізу немесе кемінде бір аутентификациялық белгілерді (токендер, смарт-карталар, бір реттік парольдер) пайдалану;
- 2) мынадай талаптарға сәйкес келетін бағдарламалық қамтылым:
 - клиенттің бейнесін оның жеке басын куәландыратын құжатта бейнеленуімен нақты уақыт режимінде тексеруді және растауды қамтамасыз ету;
 - ақпарат алмасу және сақтау кезінде клиенттің дербес деректерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
 - клиенттің басып шығарылған қағаз бейнесін пайдаланудан қорғау;
 - басқа перифериялық құрылғыдан видеоны қосу немесе фотосуретті қайталау мүмкіндігінен қорғау.

БЖК есептеу қажет болса, Қарыз алушы МҚҰ-на келесі ақпаратты береді:

- 1) тегі, аты, әкесінің аты, азаматы, жынысы, туылған кезі мен жері, жеке куәліктің деректері, ЖСН, жеке куәлік құжатының нөмірі және қолданылу мерзімі, ұялы байланыстың абоненттік құрылғысының нөмірі, тіркелу және тұрғылықты мекенжайы, отбасылық жағдайы, 3 (үш) айдан бастап 12 (он екі) айға дейінгі кезең үшін ресми кірістің деректері, 3 (үш) айдан бастап 12 (он екі) айға дейінгі кезең үшін дебет картасы бойынша шығыстардың орташа айлық сомалары, 3 (үш) айдан бастап 12 (он екі) айға дейінгі кезең үшін дебет картасын толтырудың орташа айлық сомалары, депозитте және (немесе) ағымдағы шотта микрокредитті рәсімдеуге өтінішті беру күніне қалдықтардың сомалары, депозиттарды және (немесе) ағымдағы шоттарды 3 (үш) айдан бастап 12 (он екі) айға дейінгі кезең үшін толтырулардың орташа айлық сомалары, депозиттардан және (немесе) ағымдағы шоттардан 3 (үш) айдан бастап 12 (он екі) айға дейінгі кезең үшін алулардың орташа айлық сомалары, соңғы 12 (он екі) ай ішінде шетелде жүзеге асырылған, жүргізілген банктік төлемнің сомасы, коммуналдық қызметтер бойынша, телекоммуникациялық қызметтер бойынша, кондоминиум объектісінің жалпы мүлкін күтіп-ұстауға 3 (үш) айдан бастап 12 (он екі) айға дейінгі кезең үшін шығыстардың орташа айлық сомасы, соңғы 12 (он екі) ай ішінде шетелге сатып алған билеттің құны, 3 (үш) айдан бастап 12 (он екі) айға дейінгі кезең үшін интернет-дүкенде сатып алудың орташа айлық сомасы,

орташа нарықтық құны микрокредиттен асатын, жеке меншікте бар жылжымалы мүліктің (автокөлік құралы, үй жануары, ауылшаруашылық және (немесе) кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырумен байланысты жабдық) және (немесе) жылжымайтын мүліктің болуы, 6 (алты) айдан бастап 12 (он екі) айға дейінгі кезең үшін таксимен жолаушылар мен жүк тасымалдарынан орташа айлық кірістің болуы, 12 (он екі) ай кезеңі үшін бірыңғай жиынтық төлемнің төленуін растайтын құжаттың болуы, отбасының кәмелетке толмаған мүшелерінің саны, атаулы әлеуметтік көмекті алу туралы мәліметтер, ай сайынғы шығыстар мен кірістер туралы мәліметтер, бірыңғай әлеуметтік жәрдемақыны алу туралы мәліметтер, соңғы жерде тұру туралы немесе баспананың жеке меншік иесінің кім болатыны туралы мәліметтер, жұмыспен қамту, білімі туралы мәліметтер, Қазақстан Республикасының банктерінде кредиттердің бар/жоғы туралы мәліметтер, мобильді телефон нөмірі, үй (бар болған кезде) және жұмыс телефондары (бар болған кезде), байланысушы тұлғаның үй/мобильді телефонының нөмірі және Банктің IBAN /Банктік картаның деректемелері) Шартты жасасуға тиісті өрісте қанат белгісін қою және «Растау» батырмасын басу жолымен, сонымен қатар Қарыз алушыға мобильді телефонға SMS-код арқылы жіберілетін, растауға аарналған арнайы кодты енгізу (активация) Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес Қарыз шартының жазбаша нысанына теңестіріледі.

2) Жеке басын куәландыратын құжаттың беткі және сыртқы жағынан сапалы фотосуретін, сондай-ақ клиенттің сапалы фотосуретін (селфи (ағылш. Selfie)) қолында жеке басын куәландыратын құжатпен, клиенттің бейтарап бет әлпеті және ауызы жабық күйінде түскен ақ түстегі анфастағы фотосуреті.

- 4) Өтініш беруші Өтінішті/Офертаны толтырған кезде, қажетті өрістерді толтырып (банктік шоттың нөмірі (IBAN) және банктің атауы немесе Банктік картаның нөмірі), Микрокредитті алу тәсілін өздігінен таңдайды. Микрокредит беру МҚҰ-ның банктік шотынан клиенттің банктік шотына (төлем карточкасына) ақша қаражатын аудару арқылы жүзеге асырылады.
- 5) Өтініш беруші Сайтта Өтінішті/Офертаны толтырған кезде Өтініш берушімен көрсетілген мобильді телефонға SMS жіберу арқылы МҚҰ-мен Өтініш берушіге жіберген арнайы кодты МҚҰ-ның Сайтында Жеке кабинетте активация арқылы толтырылған байланыс деректерінің дұрыстығын растауы тиіс.
- 6) Егер Өтініш беруші Микрокредитті осы қағидаларда көрсетілген талаптармен алуға келіскен жағдайда, ол МҚҰ Сайтында Жеке кабинеттің механизмін пайдаланумен МҚҰ-ға Өтінішті/Офертаны жіберіп, Шартқа қол қоюға өзінің келісімін растауы тиіс.
- 7) Өтініш беруші және МҚҰ ҚР АҚ-ның 395-396 баптарының ережелеріне сәйкес, онда көрсетілген Өтініш берушінің ақпаратын сәйкестендіретін ақпаратымен (Қазақстан Республикасы азаматының жеке тұлғасының деректері, ЖСН, Өтініш берушінің тіркеу орны, мобильді телефон нөмірі, электрондық пошта мекенжайы), сонымен қатар Өтініш берушінің мобильді телефонына SMS арқылы жіберілген арнайы кодпен Өтініш/Оферта өз қолымен қойылған қолтаңбаның аналогымен (сәйкестендіретін ақпараттың жиынтығымен) Өтініш берушімен тиісті түрде қол қойылды деп саналатынымен келісті. Оның ішінде, Өтініш беруші және МҚҰ ҚР АҚ-ның 152-бабының және 716-бабының нормаларына сәйкес жазбаша нысанда жасалады деп саналатынымен келісті.
- 8) МҚҰ алған Өтінішті/Офертаны Қарыз алушы қайтарып ала алмайды. Егер Қарыз алушы оның Өтінішін/Офертасын МҚҰ-ның Ақцептісінен және МҚҰ Микрокредиттің сомасын аударған соң, Микрокредиттен бас тартатын жағдайда, Қарыз алушы МҚҰ Микрокредитті берген сәттен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде МҚҰ-ның банктік шотына Микрокредиттің сомасын қайтаруды жүзеге асыруға міндетті. Оалй болмаған жағдайда Қарыз алушыға Шартта көзделген барлық міндеттемелер жүктеледі.
- 9) МҚҰ Өтініш берушімен ұсынылған Өтініштің/Офертаның Ақцептісі сәтіне дейін, осы Қағидаларда көзделген қызметтерді ұсынуға және міндеттемелерді көтеруге міндетті емес.
- 10) Клиентті Жеке кабинетте тіркегеннен кейін клиентті жеке кабинетке енгізу парольдерді жасау және енгізу жолымен немесе кемінде бір аутентификациялық белгілерді (токендер, смарт-карталар, бір реттік парольдер) пайдалана отырып жүзеге асырылады.

26. Микрокредит беру туралы шарты келесі міндетті шарттарды қамтиды:

- 1) Микрокредит беру туралы шарттың жалпы талаптары;
- 2) Қарыз алушының құқықтары;
- 3) МҚҰ құқықтары;
- 4) МҚҰ міндеттері;
- 5) МҚҰ үшін шектеулер;

- 6) міндеттемелерді бұзғаны үшін тараптардың жауапкершілігі;
 - 7) Микрокредит беру туралы шарттың талаптарына өзгерістер енгізу тәртібі;
 - 8) берешекті сотқа дейінгі реттеу тәртібі.
27. Микрокредит беру туралы шарттың жалпы талаптары:
 - 1) Микрокредит беру туралы шарттың жасалған күнін;
 - 2) МҚҰ атауын және қарыз алушының (тең қарыз алушының) - жеке тұлғаның тегін, атын және әкесінің атын (ол бар болса) немесе қарыз алушының (тең қарыз алушының) - заңды тұлғаның атауын;
 - 3) микрокредиттің (микрокредит нысанасы) сомасы, кредиттік желіні ұсыну (ашу) туралы шарт бойынша – микрокредиттің (микрокредит нысананың) жалпы сомасы, микрокредит бойынша артық төлем сомасы; , микрокредитті пайдалану мақсаты туралы ақпарат (бар болса), микрокредиттің толық құны туралы ақпарат (микрокредит, микрокредит нысанасы бойынша артық төлем сомасы) шарттың бірінші бетінде көрсетіледі;
 - 4) микрокредитті өтеу талаптары, кредиттік желіні ұсыну (ашу) туралы шарт үшін – шарттың жалпы мерзімі;
 - 5) Микрокредит беру туралы шарт жасалған күнгі «Микроаржылық қызмет туралы» ҚР Заңы 5-бабының 1-тармағына сәйкес есептелген сыйақы мөлшерлемесінің жылдық пайызбен көрсетілген мөлшерін, сыйақының мөлшерін (шарт республикалық бюджет туралы заңымен тиісті қаржы жылға бекітілген айлық есептік көрсеткіштің елу еселенген мөлшерінен асатын мөлшерінде қырық бес күнтізбелік күнге дейінгі мерзімге жасасқан жағдайда), сонымен қатар сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесінің (микрокредиттің нақты құнының) мөлшерін.
 - 6) республикалық бюджет туралы заңымен тиісті қаржы жылға бекітілген айлық есептік көрсеткіштің елу еселенген мөлшерінен аспайтын мөлшеріндегі микрокредит қырық бес күнтізбелік күнге дейінгі мерзімге ұсынылған жағдайда, Микрокредит беру туралы шарты микрокредит бойынша сыйақының мөлшерін және артық төлемнің сомасын қамтиды.
 - 7) микрокредитті өтеу тәсілін: бір уақытта не бөліктермен, қолма-қол ақшамен - касса не электронды терминалдар арқылы, қолма-қол ақшасыз тәсілмен – МҚҰ банктік шотының деректемелерін көрсете отырып;
 - 8) микрокредитті өтеу әдісін;
 - 9) микрокредит бойынша берешекті өтеу кезектілігін;
 - 10) негізгі борыштың уақтылы өтелмегені және сыйақының төленбегені үшін тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) есептеу тәртібін және мөлшерін;
 - 11) қарыз алушының шарт бойынша міндеттемелерді (ол бар болса) орындауын қамтамасыз етуді;
 - 12) қарыз алушы шарт бойынша міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған жағдайда МҚҰ қабылдайтын шараларды;
 - 13) шарттың қолданылу мерзімін;
 - 14) МҚҰ пошталық және электрондық мекенжайы туралы ақпаратты, сондай-ақ оның ресми интернет-ресурсы (ол бар болса) туралы деректерді;
 - 15) МҚҰ шарт бойынша құқықты (талап етуді) үшінші тұлғаға берген кезде Қазақстан Республикасының заңнамасында кредитордың қарыз алушымен шарт шеңберіндегі өзара қатынастарына қойылатын талаптар мен шектеулердің қарыз алушының құқық (талап ету) берілген үшінші тұлғамен құқықтық қатынастарына қолданылатынын көздейтін талапты қамтиды.

§3. Микронесиені бермеу себептерінің негіздемелері

29. МҚҰ Өтініш беруші Өтініште көрсеткен мөлшердегі және шарттар негізіндегі Микронесиені беру немесе беруден бас тарту туралы шешімді МҚҰ Өтініш берушіден Өтінішті алған күннен бастап 48 сағаттан кешіктірмей қабылдайды. Өтініш беруші қарау үшін қосымша құжаттарды ұсыну қажет болған жағдайда, мерзімі сұратылған құжаттарды алған сәттен бастап 3 жұмыс күніне дейін ұзартылуы мүмкін.
30. Микронесиені қайтармау тәуекелдігі жарамды Өтініштер мақұлдау алады.
31. МҚҰ Өтініш берушіге Микронесиені келесі жағдайларда ұсынбауға құқылы:
 1. МҚҰ-да берілген Микронесиені мерзімінде қайтарылмайды деп болжау негіздерінің болуы, себебі Өтініш беруші ұсынған ақпарат / МҚҰ-ға белгілі болған ақпарат Өтініш берушінің ықтимал төлеу қабілетсіздігі және / немесе алақолдығы туралы куәландырады;

2. Өтініш беруші туралы деректердің осы Ережелермен анықталған Микронесие ұсыну шарттарына сәйкес келмеуі;
3. Өтініш беруші ұсынған ақпарат жалған немесе толық емес болып табылады;
4. Өтініш берушіде бұрын ұсынылған Микронесие бойынша МҚҰ алдында өтелмеген берешегінің болуы (соның ішінде Өтініш беруші қайта Микронесие алуға келген сәтте өтеу мерзімі келмеген Микронесие бойынша берешек болса);
5. қажетті құжаттар ұсынылмаған жағдайда;
6. Өтініш берушінің несиелік тарихында, оның үшінші тұлғалар алдында өзінің міндеттерін дұрыс орындамауы туралы ақпарат бар.

§4. Берілетін микрокредиттердің шекті сомалары және резімдері

32. Микрокредит берудің ең ұзақ мерзімі 84 (сексен төрт) айдан аспайды.
33. Берілетін микрокредиттің ең жоғарғы мөлшері тиісті қаржы жылына республикалық бюджет туралы заңмен белгіленген 20 000 (жиырма мың) айлық есептік көрсеткіштен аспайды.

§5. Берілетін микронесиелер бойынша тиімді жылдық сыйақы мөлшерлемесін есептеу ережелері

34. МҚҰ тиімді жылдық сыйақы мөлшерлемесін есептеуді жүргізеді:
 1. Шартты жасасу күніне;
 2. Шартта осы Шартқа қосымша келісім жасау арқылы өзгестер мен толықтырулар жасалған жағдайда, олар Қарыз алушының ақшалай міндеттемелері сомасының (мөлшерінің) және (немесе) оларды төлеу мерзімінің өзгеруін туғызады.
35. Шарт жағдайлары өзгеріп және ол өз алдына Қарыз алушының міндеттеме сомасының және/немесе оларды төлеу мерзімінің өзгерістеріне әкелсе, МҚҰ жылдық тиімді сыйақы мөлшерлеме мәнінің дәл анықталған есептемесі берешек қалдығы бойынша, қалған мерзімнің шарт өзгертін мерзіміне қатысымен шығарылады, сонымен бірге Шарттың бастапқы әрекет күнінен Қарыз алушының төлеген төлемдері есепке алынбайды. Шарттың өзгеруімен байланысты төлеуге жататын комиссиялар бар болса, олар жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесін есептеуге кірістіріледі.
36. МҚҰ берілетін микронесие бойынша сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесін келесі формуламен есептейді:

$$\sum_{j=1}^n \frac{S_j}{(1 + APR)^{t_j/365}} = \sum_{i=1}^m \frac{P_i}{(1 + APR)^{t_i/365}}$$

мұндағы:

n – қарыз алушыға соңғы төлемнің реттік нөмірі

j – қарыз алушыға төлемнің реттік нөмірі

S_j – қарыз алушыға j -ші төлем сомасы

APR – СЖТМ

t_j – микронесие берілген сәттен бастап қарыз алушыға (күндермен) j -ші төле сәтіне дейінгі уақыт кезеңі

m – қарыз алушының соңғы төлемінің реттік нөмірі

i – қарыз төлеуші төлемінің реттік нөмірі

P_i – қарыз алушының i -ші төлемінің сомасы

t_i – микронесие берілген күннен бастап қарыз алушының i -ші төлемі сәтіне дейінгі уақыт кезеңі (күндермен)

37. Сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесі есептелгенде мыналар ескеріледі:
 1. негізгі борыш қалдығына есептелетін, микронесиені өтеудің барлық мерзімі үшін микронесие бойынша сыйақы;
 2. микронесие бойынша төлемдердің әтүрлі кезеңділігін қолдану мүмкіндігі;

38. Сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесін есептеген уақытта тұрақсыздық айыбы (айыппұл, есімпұл) ескерілмейді, оның ішінде Қарыз алушы Шарт талаптарын сақтамауы үшін.

§6. Микронесиені беру

39. Егер МҚҰ Өтініш берушіге Микронесиені беру туралы оң шешім шығарса, МҚҰ Өтініш берушіге оның есеп шотына, Өтініште да көрсетілген Микронесие сомасын бір мезгілдік аудару түрінде Қарыз алушыға Микронесие ұсынады. Микронесие Қарыз алушының қалауы бойынша қолма-қол тәсілмен берілуі мүмкін.
40. Ақшаны аударуды МҚҰ Микронесиені беру туралы шешімді қабылдағаннан кейін 3 (үш) күннен кеш емес мерзімде жүзеге асыруы қажет.
41. Өтініш берушіге ақшаны ұсыну уақыты ретінде Өтініш берушінің Шотына Микронесие сомасын аудару/ МҚҰ бөлімшесінің кассасында қолма-қол ақша беру мезеті болып есептеледі.
42. Микронесие сомасын аудару Шарттың жасалған күні болып табылады.
43. Шарт бойынша қатынастар шегінде орындалатын барлық төлемдер қолма-қол және қолма-қол ақшасыз формада орындалады. Өтеу тәсілдері МҚҰ сайтында көрсетіледі.

§7. Несиелік құжаттаманы құру

44. Әрбір берілген микронесиені МҚҰ уәкілетті тұлғасы қарыз алушылар журналында тіркейді және ол журнал электронды немесе қағаз тасымалдағыштарында болады.
45. МҚҰ бөлімшелерінің жұмысын оңтайландыру үшін несиелік құжаттама қағаз тасымалдағышта және (немесе) электронды түрде құрастырыла алады.
46. Несиелік құжаттама келесі құжаттардан тұрады:
1. микронесиені пайдалану мақсаты туралы, оның құнын көрсете отырып, өтініш беруші микронесиені өтеу және сыйақыны төлеу бойынша міндеттемелерді орындауының қамтамасыздығы ретінде ұсынатын мүлік туралы немесе қамтамасыздықтың жоқтығы туралы мәліметтері бар өтініш (мақсаттық микронесие ұсынылған жағдайда);
 2. өтініш берушінің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
 3. қарыз алушы өкілінің микронесие ұсыну туралы шартқа қол қоюға өкілеттіктерін растайтын құжаттар;
 4. қарыз алушының борыштық жүктемесі коэффициентін есептеу үшін қажетті құжаттар және ақпарат;
 5. микронесие ұсыну туралы шарт;
 6. кепіл шарты;
 7. мүлік кепілін мемлекеттік тіркеу туралы куәлік;
 8. кепіл мүлігіне құқық белгілейтін және куәландыратын құжаттар;
 9. спутниктік мониторинг мүмкіндігімен қабылдау-жіберілген деректерді орнату актісі;
 10. микронесие ұсыну туралы шартқа қосымша келісімдер;
 11. тараптар қол қойған микронесиені өтеу кестесі;
 12. микроқаржы ұйымы мен қарыз алушы арасындағы хаттар;
 13. микронесиені өтеу көзін көрсететін (қарыз алушы аударған немесе кепілге берілген мүлікті сатудан түскен ақша), микронесиені ұсыну туралы шарт бойынша берешектің толық немесе ішінара өтелгендігін растайтын құжаттар (немесе олардың көшірмелері);
 14. несиелік тарих субъектісінен ол туралы ақпаратты несиелік бюросына ұсынуға келісімі алынғандығын растайтын ақпарат;
 15. несиелік есептеме алушыға несиелік есептеме беруге несиелік тарихы субъектісінің келісімі алынғандығын растайтын ақпарат.
 16. субъектінің дербес деректерді жинауға және өңдеуге келісімін алғанын растайтын ақпарат

4 ТАРАУ. МОНИТОРИНГ. ШАРТ ТАЛАПТАРЫНЫҢ ОРЫНДАЛУЫН ҚАДАҒАЛАУ

47. Микронесиелеу тәуекелдерін анықтап азайту мақсатында оперативті шешімдер қабылданып және қажетті шаралар ұйымдастырылу жолымен мүмкін шығындарды болдырмау әрекеттері жасалынады және микронесиені ұсыну уақытынан бастап Қарыз алушының өзінің Шарт аясындағы міндеттерін толық орындау мезетіне дейін МҚҰ өзіне Шарт жағдайларын орындалуын бақылауды қосатын тұрақты түрде қадағалауды жүргізіп отырады.

48. Микронесиеге мониторинг жасауға МҚҰ-ның уәкілетті тұлғасының келесі әрекеттері кіре алады:
1. Қарыз алушымен байланыста болу;
 2. Қарыз алушыдағы пайда болған дұрыс емес есептеулер, қателер және мәселелерді анықтау; мәселерді шешу жолдарын іздеу;
49. Мерзімі өтіп кеткен берешек мониторингі өзіне мерзімі өткен берешекті қайтару үшін жасалатын шараларды қосады.

5 ТАРАУ. ШАРТҚА ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ ТӘРТІБІ

50. Шарттың жағдайларына жасалатын өзгертулер енгізу МҚҰ бөлімшелерінде ресімделетін, сұратылған өзгерістер мен олардың себептерін міндетті түрде көрсете отырып, Қарыз алушының жазбаша сұрау салуы негізінде Шартқа тиісті қосымша келісімдер жасау жолымен жүргізіледі.
51. Қарыз алушы МҚҰ –ға несиелеу шарттарын өзгерту енгізу туралы сұраным жасағанда, бұл сұрақ бойынша шешімді МҚҰ уәкілетті органымен/уәкілетті тұлғасымен қабылданады және оның құзіреттілігіне МҚҰ ішкі құжаттарға сәйкес болатын көрсетілген сұрақты қарастыру кіреді.

6 ТАРАУ. МЕРЗІМІ ӨТКЕН БЕРЕШЕКПЕН ЖҰМЫС ЖАСАУ

52. Қарыз алушы микронесие бойынша өтеу кестесін сақтамаған жағдайда оған микронесиені өтеу кестесіне сәйкес өтеу күнінен кейінгі бірінші күннен бастап мерзімі өткен әрбір күн үшін Шартта белгіленген мөлшерде өсімпұл есептеледі.
53. Қарыз алушыда микронесие бойынша мерзімі өткен төлемдер болғанда МҚҰ берешекті қайтару жұмыстарын мына жолмен жасайды:
1. SMS–хабарлама;
 2. электрондық поштаға жіберілетін хабарлама;
 3. ақпараттық сипаттағы телефонға хабарлау;
 4. Қарыз алушылармен контактілеу және әңгіме жүргізу;
 5. кепілді мүлікті сату;
 6. микронесие бойынша берешекті соттық түрде қайтару;
 7. микронесие бойынша үшінші тұлғаларға талап жасау құқықтарына көну;
 8. Қазақстан Республикасының заңнамасымен рұқсат етілетін басқа да әдістермен.
54. МҚҰ мерзімі өткен Микронесие бойынша талаптар жасау құқықтарын үшінші тұлғаларға беруді Қарыз алушының келісімінсіз жасауға құқылы.

7 ТАРАУ. МИКРОНЕСИЕНІ ӨТЕУ, ШАРТТАРДЫ МЕРЗІМІНЕН БҰРЫН БҰЗУ ТӘРТІБІ

§1. Микронесиелерді өтеу әдістері

55. МҚҰ өтеу кестелерін есептегенде аннуентті төлеу әдістері мен дифференциалды төлеу әдістерін қолданады.
56. Шарт бойынша бірінші және соңғы төлемдерінде айырмашылықтар болу мүмкін.
57. Соңғы төлем жасау мерзімі Шартта қарастырылған микронесиені толық өтеу мерзімінен кейін болмауы қажет.

§2. Микронесиелер бойынша төлемдерді енгізу тәртібі

58. Қарыз алушыға өту кестесімен сәйкес микронесие бойынша төлемдерді жүзеге асыру үшін белгілі күн тағайындалады. Бірінші жоспарлы төлем және келесі төлемдер күні айыппұл санкцияларын есептеусіз, микронесиені нақты беру күніне пропорционалды жылжытыла алады. Кез-келген жағдайда, микронесие берілген сәттен бастап және бірінші жоспарлы төлемге дейінгі мерзім 30 (отыз) күнтізбелік күннен аспауы тиіс, кейінгі төлемдер де осындай кезеңділікпен жүзеге асырылуы тиіс.
59. Негізгі борыш, есептелген сыйақы бойынша төлемдерді Қарыз алушы белгіленген мерзімде толық көлемде жүзеге асыруы тиіс.
60. Қарыз алушы МҚҰ-ның қолданыстағы филиалдарында орналасқан МҚҰ кассаларына қолма-қол ақша енгізу жолымен, сондай-ақ МҚҰ шотына қолма-қол ақшасыз банктік аударымдар немесе МҚҰ сайтындағы РауВох жүйесі операторының модулі арқылы төлеу жолымен

микрокредитті (ол бойынша сыйақыны, айыппұлдарды, өсімпұлдарды қоса алғанда) өтеу бойынша төлемдерді жүзеге асырады.

61. Қарыз алушының ұзақ мерзімді микронесие ұсыну туралы Шарт бойынша орындаған төлемінің сомасы, егер ол Қарыз алушының Шарт бойынша міндеттемелерін орындау үшін жеткіліксіз болса, Қарыз алушы берешегін келесі кезектілікпен өтеледі (микрокредит беру шартында өзгеше көзделмесе):
 1. негізгі борыш бойынша берешек;
 2. сыйақы бойынша берешек;
 3. Шартпен анықталған мөлшердегі тұрақсыздық айып (айыппұл, өсімпұл);
 4. төлемдердің ағымдағы кезеңі үшін негізгі сомасы;
 5. төлемдердің ағымдағы кезеңі үшін есептелген сыйақы;
 6. Серіктестіктің орындауды алу бойынша ұсталымдары.
62. Қарыз алушы Шарт бойынша кез келген соманы (толық немесе ішінара) төлеуді кешіктірген жағдайда, МҚҰ ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес сыйақы мен тұрақсыздық айыбын есептеуді тоқтата тұруға құқылы. Бұл ретте Қарыз алушының қандай да бір соманы төлеу бойынша міндеттемелерін орындауы (ішінара орындауы) кезінде қарыз алушының міндеттемелерін айқындау егер МҚҰ өзгеше анықталмаса, шарт талаптарына сәйкес тоқтата тұруды ескермей жүргізілетін болады.
63. Төлем МҚҰ-ның банктік шотына есепке жатқызылған / аударылған күні МҚҰ ай сайынғы төлемді алған, ал Қарыз алушы міндеттемесін орындаған болып есептеледі.

§3. Ұсынылған микронесиелер бойынша сыйақыны төлеу тәртібі

